

Әйел теңдігінің жыршысы

Арқалық қаласындағы облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының абонемент бөлімінің ұйымдастыруымен жиырмамыншы ғасырдағы қазақ әдебиетінің іргелі жанрларын қалыптастырған, аса көрнекті суреткер жазушы, ақын, әрі драматург Бейімбет Майлиннің 125 жылдығына орай «Әйел теңдігінің жыршысы» тақырыбында оқырман конференциясы өткізілді.

Шарада әдебиетіміздің алып бәйтерегі, сөз өнерінің алтын қорына жататын туындылар берген бірегей дарын Бейімбет Майлиннің өмірбаяны мен еңбектері жайлы айтылып, «Шұғаның белгісі» хикаяты талқыланды.

Замандастары: «Маңдайына түскен шашын сұқ саусағына орай ширата отырып, жазудан бас алмайтын еді», — деседі. Сондықтан да кемел қаламгердің қыршын жаста — қырықтың төртіне жетер-жетпесте — дүние салғанына карамай, атағы да зор, артына қалдырған әдеби мұрасы да аса бай.

Кешіміздің құрметті қонақтары ретінде кітапхана ардагері, бұрынғы кітапхана директоры Алма Жақсылыққызы мен облыстық әмбебап ғылыми



кітапханамыздың директоры Қазына Байсабекқызы қатысып, жазушымыз жайлы ой бөлісіп, жылы лебіздерін білдірді.

Сонымен қатар іс-шарамызға АрқМПИ және ТТК студенттері өз ойларымен бөлісіп белсене атсалысты. «Шұғаның белгісі» хикаятына қызығушылығы артқан студенттер шығарма бойынша сұрақтарды талқылау барысында жауап беріп, бірін-бірі толықтастырып отырды. Конференциямыздың соңында Серік Тұрғынбекұлының Бейімбетке арнау өлеңі оқылып, кешімізді одан әрі көріктендіре түсті. Іс-шарамыздың сәнін кіргізген «Әйел теңдігінің жыршысы» атты көрмемізге шолу жасалып, кешіміз жазушының үздік еңбектері жайлы мағлұматтар берумен жалғасын тапты. Кешті кітапхана директоры Қазына Бөрібаева: «Өлең сөздің патшасы» демекші, іс-шара-

ның ашылуы мен қорытынды кезеңін арнау өлеңдері көркейте түскендей. Оқырмандар қауымы Майлиннің өмірі мен шығармашылығын зерттеп, еңбектері жайлы мол мағлұмат алып, кітап көрмесімен танысып, әдебиетімізге құштарлықтарын арттырып, білімдерін кеңейтті. «Жазушы үшін кейіпкердің үлкен — кішісі болмайды. Мәселе оны қалай суреттеп шығуында. Бейімбеттің бұл жөнінен төрт құбыласы сай. Кейбір әдебиетшілер осы мәселенің байыбына бара алмай жүр. Бейімбетті тани алмау — ештеңені тани алмау...» деп Е. Мүсірепов айтқандай, мұндай көркем әдебиетіміздің дара тұлғаларын насихаттаған іс-шаралардың жастарымызға берер мұрасы да маңызы да зор», — деген сөзімен қорытындылады.

Гүлназ КӨШІМБЕКҚЫЗЫ,
№2 Облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының қызметкері.